**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Европалық Қоғамдастық арасындағы Қазақстан Республикасынан Европалық Қоғамдастыққа болат өнімінің жекелеген түрлерінің экспортына қатысты сандық шектеулерсіз қосарлы бақылау жүйесін белгілейтін хаттар алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1290 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Европалық Қоғамдастық арасындағы Қазақстан Республикасынан Европалық Қоғамдастыққа болат өнімінің жекелеген түрлерінің экспортына қатысты сандық шектеулерсіз қосарлы бақылау жүйесін белгілейтін хаттар алмасу нысанындағы келісім жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті елшісі Константин Васильевич Жигаловқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан келіссөздер жүргізуге және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Европалық Қоғамдастық арасындағы Қазақстан Республикасынан Европалық Қоғамдастыққа болат өнімінің жекелеген түрлерінің экспортына қатысты сандық шектеулерсіз қосарлы бақылау жүйесін белгілейтін хаттар алмасу нысанындағы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

**Жоба**

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Европа Қоғамдастық арасындағы Қазақстан Республикасынан Европалық Қоғамдастығына болат өнімінің жекелеген түрлерінің экспортына қатысты сандық шектеулерсіз қосарлы бақылау жүйесін белгілейтін хаттар алмасу нысанындағы келісім

**А. Европалық Одақ Кеңесінің хаты**

Мырза,

1. Мен 2002 жылғы 22 шілдеде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Европа Көмір және Болат бірлестігі арасында жасалған болаттан жасалған жекелеген өнімдер саудасы жөніндегі Келісімге жүгінуге ие болып отырмын. Бұдан басқа, жоғарыда аталған Келісімге қамтылмаған болаттан жасалған жекелеген өнімдерге қатысты проблемалар жөнінде консультациялар болды.

2. Осы консультациялар өткізілгеннен кейін Тараптар осымен сауда саласындағы

ашықтықты жақсарту және мүмкін боларлық сәйкессіздіктерді болдырмау үшін болаттан жасалған жекелеген өнімдерге қатысты сандық шектеулерсіз қосарлы бақылау жүйесін белгілеуге келіседі. Қосарлы бақылау жүйесі туралы ақпарат осы хатқа қоса беріліп отыр.

3. Хаттардың осы алмасуы екі жақты сауда келісімдерінің және сауда шараларымен байланысты, атап айтқанда, демпингке қарсы және қорғау шараларына жататын ережелердің қолданылуын шектемейді.

4. Кез-келген Тараптар кез келген уақытта осы хаттың қосымшаларына өзгерістер ұсынуы мүмкін, олар Тараппен де келісілуі және олардың арасындағы уағдаластыққа қол жеткізілгеннен кейін күшіне енуге тиіс. Қосарлы бақылау жүйесінің ықпалына түскен қандай да бір тауарға қатысты Еуропа Қоғамдастығы демпингке қарсы талқылауларға немесе қорғау шараларына бастамашылық көрсетсе немесе мұндай шаралар енгізген жағдайда, Қазақстан мұндай тауарды қосарлы бақылау жүйесінен алып тасталуы не алып тасталмауы туралы шешімді қабылдауы мүмкін. Мұндай шешім аталған тауардың Қоғамдастықтағы еркін айналымына кедергі келтірмеуі тиіс.

5. Қорытындылай келе, егер осы хат және оның қосымшалары Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін оңтайлы болған жағдайда, осы хат пен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қуаттауы бірігіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің жауабын алған күннен бастап күшіне енетін және 2004 жылғы 31 желтоқсаннан бастап әрекетін тоқтататын Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасында Келісім жасайды.

Сізге деген терең құрмет сезімді қабыл алыңыз.

Еуропа Қоғамдастығы атынан

**В. Қазақстан Республикасының Үкіметінен хат**

Мырза,

Сіздің төмендегілерге қатысты ... хатыңызды алғандығымды растау құрметіне ие болып отырмын:

"1. Мен 2002 жылғы 22 шілдеде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Көмір және Болат бірлестігі арасында жасалған жекелеген өнімдер саудасы жөніндегі Келісімге жүгінуге ие болып отырмын. Бұдан басқа, жоғарыда аталған Келісімде қамтылмаған болаттан жасалған жекелеген өнімдерге қатысты проблемалар жөнінде консультациялар болды.

2. Осы консультациялар өткізілгеннен кейін Тараптар осымен сауда саласындағы ашықтықты жақсарту және проблемалардың туындауын болдырмау үшін болаттан жасалған жекелеген өнімдерге қатысты сандық шектеулерсіз қосарлы бақылау жүйесін белгілеуге келіседі. Қосарлы бақылау жүйесі туралы ақпарат осы хатқа қоса беріліп отыр.

3. Хаттардың осы алмасуы екі жақты сауда келісімдерінің және сауда шараларымен байланысты, жекелей алғанда, демпингке қарсы және қорғау шараларына жататын

ережелердің қолдануын шектемейді.

4. Кез-келген Тараптар кез келген уақытта осы хаттың қосымшаларына өзгерістер ұсынуы мүмкін, олар Тараппен де келісілуі және олардың арасындағы уағдаластыққа қол жеткізілгеннен кейін күшіне енуге тиіс. Қосарлы бақылау жүйесінің ықпалына түскен қандай да бір тауарға қатысты Еуропа Қоғамдастығы демпингке қарсы талқылауларға немесе қорғау шараларына бастамашылық көрсетсе немесе мұндай шаралар енгізген жағдайда, Қазақстан мұндай тауарды қосарлы бақылау жүйесінен алып тасталуы не алып тасталмауы туралы шешімді қабылдауы мүмкін. Мұндай шешім аталған тауардың Қоғамдастықтағы еркін айналымына кедергі келтірмеуі тиіс.

5. Қорытындылай келе, егер осы хат және оның қосымшалары Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін оңтайлы болған жағдайда, осы хат пен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қуаттауы бірігіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің жауабын алған күннен бастап күшіне енетін және 2004 жылғы 31 желтоқсаннан бастап әрекетін тоқтататын Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасында Келісім жасайды.

Жоғарыда аталғандардың Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін оңтайлы екенін және Сіздің хатыңыз, осы жауап және қосымшалар бірігіп, Келісімді құрайтынын қуаттау құрметіне ие болып отырмын.

Сізге деген терең құрмет сезімді қабыл алыңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін.

## Қосымша

1.1. 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі Тараптардың осы Келісімді қолдана бастаған күнінен бергі кезеңде, егер Тараптар жүйенің мерзімінен бұрын тоқтатылуына бастамашылық етпесе, Қазақстанда өндірілген және 1-қосымшада аталған тауарлардың Қоғамдастыққа импорты Қоғамдастықтың құзырлы органдары беретін II-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес құжат-хабарламаның ұсынылуы бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

1.2. Бұдан басқа 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі Тараптардың осы Келісімді қолдана бастаған күнінен бергі кезеңде, егер Тараптардың екеуі де жүйені мерзімінен бұрын тоқтатылуымен келіспесе Қазақстанда өндірілген және I-қосымшада көрсетілген тауарлардың Қоғамдастыққа импорты Қазақстан Республикасының құзырлы органдары экспортқа құжат бергеннен кейін жүзеге асырылуы тиіс. Импорттаушы құжатта көрсетілген тауарлар жеткізілген жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей экспорт құжатының түпнұсқасын ұсынуы тиіс.

1.3. Жөнелту экспорттайтын жеткізілім жүзеге асырылатын көлік құралдарына тауарлар тиелген күні жүргізілген болып есептеледі.

1.4. Экспорт құжаты III-қосымшада келтірілген үлгіге сәйкес болуы тиіс. Ол

Қоғамдастықтың кеден аумағы шегінде экспортты жүзеге асыру үшін күшінде болып табылады.

1.5. Қазақстан олар пайдаланатын мөрлері және қол қою үлгілерімен бірге экспортқа құжаттар беруге және ұсынуға өкілетті, Қазақстан Республикасының құзыретті мемлекеттік органдарының атаулары мен мекен-жайларын Еуропа Қоғамдастығы Комиссиясына ұсынуы тиіс. Қазақстан Республикасының Үкіметі сондай-ақ осындай мәліметтердің кез келген өзгерістері туралы Комиссияға хабарлауы тиіс.

1.6. Осы Келісіммен қамтылған өнімдердің сыныпталуы Қоғамдастықтың тарифтік және статистикалық номенклатурасына (бұдан әрі - "Құрамды Номенклатура" немесе "ҚН") негізделеді. Осы Келісіммен қамтылған өнімдердің шығу тегі Қоғамдастықта қолданылатын ережелерге сәйкес айқындалады.

1.7. Қоғамдастықтың құзырлы органдары мұндай өзгерістердің Қоғамдастықта күшіне енетін күніне дейін осы Келісім қамтыған өнімдерге қатысты ҚН-дағы кез келген өзгерістер туралы Қазақстанды хабардар етуге міндеттенеді.

1.8. IV-қосымшада қосарлы бақылау жүйесі туралы жекелеген техникалық ережелер баян етілген.

2.1. Осы хаттың 1.2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі экспортқа Қазақстан Республикасының құзыретті органдары берген құжаттар туралы дәл статистикалық деректерді Қоғамдастыққа беруге міндеттенеді. Мұндай ақпарат Қоғамдастыққа статистикалық деректер жататын айдан кейінгі айдың аяғына берілуі тиіс.

2.2. Қоғамдастық осы хаттың 1.1-тармағына сәйкес қазақстандық органдар экспортқа берген құжаттарға қатысты қоғамдастыққа мүше мемлекеттер берген құжат-хабарламалар туралы дәл статистикалық деректерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына беруге міндеттенеді. Мұндай ақпараттар статистикалық деректер жататын айдан кейінгі айдың аяғына Қазақстан Республикасының құзыретті мемлекеттік органдарына берілуі тиіс.

3. Қажет болған жағдайда, Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша осы Келісімнің күшінде болуымен байланысты туындайтын кез келген проблемаларға қатысты консультация жүргізілуі мүмкін. Мұндай консультациялар дереу жүргізілуі тиіс. Осы тармаққа сәйкес жүргізілетін кез келген консультация ынтымақтастық рухында және Тараптар арасындағы туындайтын проблемаларды шешу ниетінде өтуі тиіс.

4. Осы құжат бойынша кез келген хабар:

- Қазақстанға қатысты - Еуропалық Одақ жанындағы Қазақстан Республикасының Өкілдігіне;
- Қоғамдастыққа қатысты - Еуропа Қоғамдастығының Комиссиясына беріледі.

**I-қосымша Сандық шектеулерсіз қосарлы бақылауға жататын өнімдердің тізбесі Қазақстан**

Көміртекті болаттан жасалған ені 500 мм-нен аспайтын орамдағы тегіс қорытпа

7211 23 99
7211 29 50
7211 29 90
7211 90 90

Электротехникалық шамаланбаған түйірлері бар болаттан жасалған тегіс қорытпа

7211 23 91
7225 19 10
7225 19 90
7226 19 10
7226 19 30
7226 19 90

Шақпақтық электротехникалық шамаланған түйірлері бар болаттан жасалған тегіс қорытпа

7226 11 90

**II-қосымша Еуропа Қоғамдастығын хабарландыру-құжатының үлгісі**

1. Құжат иесінің көшірмесі

ЕУРОПАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ шолу құжат

1 Құжат иесі

1. Құжат алушы (аты, толық мекенжайы, елі, ҚҚС нөмірі)

2. Берілген нөмірі ____________________________

3. Болжамды импорттау орны және күні ____________________________

4. Құжатты беру жөніндегі уәкілетті жауапты тұлға (аты, мекенжайы, телефон нөмірі)

______________________________________________________

5. Өтінім беруші/өкіл (аты, толық мекен-жайы)

6. Шыққан елі ____________________________

н
і
ң
к
ө
ш
і
р
м
е
с
і

7. Жөнелтуші ел (геономенклатуралық код)

______________________________

8. Соңғы қолданылу мерзімі

______________________________

9. Тауарлардың сипаты

10. ВЭД коды мен санаты

______________________________

11. кг немесе қосымша бірлік түріндегі саны (таза салмағы)

______________________________

12. алушы Қоғамдастық шекарасындағы ЕУРО, СИФ түріндегі құны

______________________________

13. Қосымша ескертулер

______________________________

14. Билік органының уәкілетті мақұлдауы

күні:

қолы: мөрі:

______________________________

15. Сілтеме

17-бағанның 1-бөлігіндегі санын, 2-бөлікке жатқызылған сандар көрсетілсін

______________________________

| 16. Саны (таза салмағы немесе бірліктерін көрсете отырып басқа да өлшеу бірліктері) | 19. Кедендік құжат (нысаны мен нөмірі) немесе көшірме | 20. Атауы, қатысушы ел, мөр, уәкілетті тұлғаның қолы нөмірі мен жатқызылған күні |
|---|---|---|

______________________________

17. Сан

18. Сандық қатынас үшін сөзбен түрінде.

______________________________

1

2

1
2

1
2

1
2

1
2

1
2

1
2

2. Құжат иесінің көшірмесі

ЕУРОПАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ

1 1. Құжат алушы (аты, толық мекенжайы, елі, ҚҚС нөмірі) 2. Берілген нөмірі

Құжат иесінің кө

3. Болжамды импорттау орны және күні

4. Құжатты беру жөніндегі уәкілетті жауапты тұлға (аты, мекенжайы, телефон нөмірі)

5. Өтінім беруші/өкіл (аты, толық мекен-жайы) 6. Шыққан елі

7. Жөнелтуші ел (геономенклатуралық код)

8. Соңғы қолданылу мерзімі

ш
і
р
м
е
с
і

9. Тауарлардың сипаты

10. ВЭД коды мен санаты

________________________________

11. кг немесе қосымша бірлік түріндегі саны (таза салмағы)

________________________________

12. алушы Қоғамдастық шекарасындағы ЕУРО, СИФ түріндегі құны

---

13. Қосымша ескертулер

---

14. Билік органының уәкілетті мақұлдауы

күні:

қолы: мөрі:

---

15. Сілтеме

17-бағанның 1-бөлігіндегі санын, 2-бөлікке жатқызылған сандар көрсетілсін

---

16. Саны (таза салмағы немесе бірліктерін көрсете отырып басқа да өлшеу бірліктері)

19. Кедендік құжат (нысаны мен нөмірі) немесе көшірме нөмірі мен жатқызылған күні

20. Атауы, қатысушы ел, мөр, уәкілетті тұлғаның қолы

________________________________

17. Сан

18. Сандық қатынас үшін сөзбен түрін. де

---

1
2

---

1
2

---

1

2

1
2

1
2

1
2

1
2

## ІІІ-қосымша Экспорт құжаттарының үлгісі

1. Құжат иесінің көшірмесі

1. Экспорттаушы (аты, Түпнұсқа 2. Жоқ мекенжайы, елі)

3. Жылы 4. Өнім тобы

Экспорт құжаты (болат өнім)

5. алушы (аты, 6. Шыққан елі 7. Жеткізу елі мекенжайы, елі)

8. Түсірген жері және 9. Қосымша ақпарат күні - көлік құралдары

10. Өнімнің сипаты- 11. ВЭД 12. Саны (1) 13. ФОБ құны (2) өндіруші код

14. Құзыретті орган сертификаты

15. Құзыретті ......... ...............
орган (аты, (қолы) (мөрі)
мекенжайы, елі)

---

(1) таза салмағы (кг), саны дана түрінде. Таза салмағынан өзгесі (2) келісім-шарттағы сату валютасымен

2. Құжат беруші органның көшірмесі

---

1. Экспорттаушы (аты, Түпнұсқа 2. Жоқ
мекенжайы, елі)

---

3. Жылы 4. Өнім тобы

---

Экспорт құжаты (болат өнім)

---

5. алушы (аты, 6. Шыққан елі 7. Жеткізу елі
мекенжайы, елі)

---

8. Түсірген жері және 9. Қосымша ақпарат
күні - көлік құралдары

---

10. Өнімнің сипаты- 11. ВЭД 12. Саны (1) 13. ФОБ құны (2) өндіруші
код

---

14. Құзыретті орган сертификаты

---

15. Құзыретті ......... ...............
орган (аты, (қолы) (мөрі)
мекенжайы, елі)

---

(1) таза салмағы (кг), саны дана түрінде. Таза салмағынан өзгесі (2) келісім-шарттағы сату валютасымен

## IV қосымша Қосарлы бақылау жүйесі жөніндегі құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Экспорт құжаттарының көлемі 210x297 мм. болуға тиісті. Пайдаланылатын қағаз ақ түсті, механикалық бүлінбеген және салмағы 25г/м $^{2}$ -ден кем болмауы тиіс. Экспорт

құжаттары ағылшын тілінде жасалады. Егер олар қолдан толтырылса, онда деректер қара сиямен және баспа қаріптерімен енгізіледі. Бұл құжаттарда қосымша көшірмелер қамтылуы мүмкін, оларға тиісті түрде көшірме ретінде белгі соғылуы тиіс. Егер құжаттардың бірнеше көшірмесі болса, онда тек алғашқы көшірме түпнұсқа болып табылады. Бұл түпнұсқада түпнұсқа және басқа көшірмелерінде - "көшірме" деген анық жазу болуы тиіс. Қоғамдастықтың құзыретті органдары пәрменді ретінде қосарлы бақылау жүйесінің ережелеріне сәйкес экспорттық бақылау үшін Қоғамдастыққа тек қана түпнұсқасын қабылдайды.

2. Әрбір құжатта баспа қарпімен немесе өзге түрде стандартты сәйкестік сериялық нөмірі қойылуы тиіс, ол бойынша оны сәйкестендіруге болады. Бұл нөмір өзіне мынадай бөліктерді қамтиды:

- экспорттаушы елді сәйкестендіретін екі әріп: KZ = Қазақстан;

- кедендік қарау мақсатында Қоғамдастыққа мүше тиісті мемлекетті сәйкестендіретін екі әріп;

BE = Бельгия

DN = Дания

DE = Германия

EL = Греция

ES = Испания

FR = Франция

IE = Ирландия

IT = Италия

LU = Люксембург

NL = Нидерланды

AT = Австрия

PT = Португалия

FI = Финляндия

SE = Швеция

GB = Ұлыбритания;

- тиісті жылдың соңғы санын білдіретін бір таңбалы сан мысалы, 2002 жыл үшін "2" ;

- экспортқа құжат беретін экспорттаушы елдің тиісті органын сәйкестендіретін 01-ден 99-ға дейінгі екі таңбалы нөмір;

- кедендік тазалау мақсатында қоғамдастыққа мүше мемлекетке берілетін 00001-ден бастап 99999-ға дейін біртіндеп өсетін бес таңбалы нөмір.

3. Экспорт құжаттары, олар экспорт құжаттарының N 3 бағанында көрсетілгендей берілген күнтізбелік жыл ішінде күшінде болады.

4. Импорттаушының импорт құжатына өтінім беру кезінде экспорт құжатының түпнұсқасын ұсынуы қажет болатындықтан, мүмкіндігінше құжаттар, тұтас

келісім-шарт бойынша емес, әрбір коммерциялық мәмілеге қатысты берілуі тиіс.

5. Қазақстан экспорт құжаттарында бағаны көрсетуге міндетті емес, алайда, Еуропа Қоғамдастығының Комиссиясы органдарының талап етуі бойынша бағалар туралы ақпарат ұсынуы тиіс.

6. Экспорт құжаттары оларға жататын тауарларды түсірген соң берілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда олардың "кейіннен берілген" деген жазуы болуы тиіс.

7. Экспорт құжаты ұрланған, жоғалған немесе жойылған жағдайда, экспорттаушы өзіндегі экспортқа берілген құжаттар негізінде телнұсқасын беру үшін Қазақстанның мұндай құжатты берген құзыретті мемлекеттік органдарына жүгіне алады. Мұндай кез келген құжаттың телнұсқасында "телнұсқа" ("dupjicate") деген жазу болуы тиіс. Телнұсқада бастапқы экспорт құжатының берілген күні болуы тиіс.

8. Қоғамдастықтың құзырлы органдары бұрын берілген кез келген экспорт құжаттарын жою немесе өзгерту туралы және егер қажет болса, мұндай жоюдың немесе өзгертудің себептері туралы дереу хабардар етілуі тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК